

Клиентті тиісті түрде тексеру үшін Қоғамға қажетті құжаттар тізімі:

1. Жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидентжеке тұлғалары үшін:

жеке басын куәландыратын құжат;

мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;

2. Қазақстан Республикасының резидент, бейрезидент-заңды тұлғалары және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) үшін:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;

құрылтай құжаттары және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме;

заңды тұлғаның құрылтайшыларының (қатысушыларының) (акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ қатысушылардың тізілімін жүргізуді бірыңғай тіркеуші жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшыларының (қатысушыларының) құжаттарын қоспағанда) жеке басын куәландыратын не мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттар, сондай-ақ заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иелерінің жеке басын куәландыратын құжаттар (бенефициарлық меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді көшірменің негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда;

ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасауға заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды адамның (адамдардың) жеке басын куәландыратын құжат (құжаттар);

клиенттің атынан сенімхатсыз іс-әрекеттер жасауға, оның ішінде ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасауға заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға лауазымды адамның (адамдардың) адамдардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар;

егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және болу құқығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат*;

заңды тұлғалардың өзге нысандағы филиалдары мен өкілдіктері үшін - Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхат;

заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын куәландыратын құжат;

рұқсат (егер клиенттің қызметі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылған жағдайда);

3. Егер клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе (заңды тұлғаның лауазымды тұлғаларын қоспағанда):

Қазақстан Республикасының резидент-клиентінің өкілдері үшін:

жеке басын куәландыратын құжат;

клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға клиент өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттар;

Қазақстан Республикасының бейрезидент клиенттерінің өкілдері үшін:

жеке басын куәландыратын құжат;

клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға клиент өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттар;

егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету

және болу құқығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат*;

** егер клиенттің қызметі Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылса.*

Осы тізбе бойынша құжаттарды Клиент Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес түпнұсқада не нотариат куәландырған көшірмелер түрінде не апостиль қойылған немесе заңдастырылған тәртіппен құжаттардың көшірмелері түрінде ұсынуы мүмкін.

Тізбе бойынша тиісті құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариат куәландырған көшірмелерінің деректерімен салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі ЖҚБ қызметкері құжаттардың көшірмелеріне салыстырып тексеру туралы белгі қояды («салыстырып тексерілді», жауапты қызметкердің тегі мен аты-жөні толық жазылып, қойылған қолы»).

Қажет болған жағдайда осы тізбеде көрсетілмеген қосымша құжаттар сұратылуы мүмкін.

Сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі ЖҚБ клиенттің құжаттамасын электрондық түрде «клиенттің құжаттамасы» желілік ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді және клиенттің құжаттамасының мазмұнын қағаз тасығышта қайталайтын құжаттардың сканерленген көшірмелерінен тұрады, бұл ретте желілік ресурста бір клиенттің құжаттамасын қайталауға жол берілмейді.